«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС

Заңды мекен-жайы:
Алматы қаласы, Достық қиылысы, 38

БИН/ЖСН: 040740015961
ЖСК: KZ846017131000017775
БСК: HSBKKZKX
Банк: «Қазақстан Халық банкі» АҚ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕП

«Жасыл шырша, жарқыра» шырша жағу рәсімін ұйымдастыру және өткізу туралы

Шымкент, 2025 ж.

«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС

Заңды мекен-жайы:
Алматы қаласы, Достық қиылысы, 38

БИН/ЖСН: 040740015961
ЖСК: KZ846017131000017775
БСК: HSBKKZKX
Банк: «Қазақстан Халық банкі» АҚ

Орындаушы:

«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС

БИН 040740015961

Алматы қаласы, Достык даңғылы, 38

Атауы

«Жасыл шырша, жарқыра» шырша жағу рәсімін ұйымдастыру және өткізу туралы

Келісімшарт № 16

2025 жылғы 18 сәуірдегі №16 келісім шарт

Есепті дайындаған

«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС БИН 040740015961

Алматы қаласы, Достык даңғылы, 38

АҚПАРАТ

«Жасыл шырша, жарқыра» атты шырша жағу салтанаты – Шымкент қаласында жаңа жыл мерекесіне орай дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын ауқымды мәдени-көпшілік іс-шаралардың бірі. Аталған мерекелік рәсім қала тұрғындары мен қонақтары үшін арнайы әзірленген шығармашылық тұжырымдама негізінде Астана алаңында жоғары деңгейде өткізілді.

Іс-шараның басты идеясы – жаңа жылды қарсы алу дәстүрін заманауи шығармашылық форматпен ұштастыра отырып, ұлттық мәдениет пен әлемдік музыкалық классиканы үйлесімді біріктіру. Биылғы шырша жағу рәсімі көрермендерге ерекше музыкалық және визуалды әсер сыйлайтын бірегей қойылым ретінде ұйымдастырылды.

Мерекелік бағдарлама әлемге кең танымал «Jingle Bells» музыкалық шығармасының жаңа интерпретациясымен басталды. Шығарма алдымен ұлт аспаптар оркестрінің орындауында домбыраның қоңыр үнімен ашылып, қазақтың дәстүрлі музыкалық нақышын паш етті. Кейін бұл әуен симфониялық оркестр мен эстрадалық оркестрдің заманауи орындауында жалғасын тауып, музыкалық құрылым біртіндеп күшейе түсті. Музыкалық кульминацияға жеткен сәтте, яғни финалдық аккорд барысында қаланың басты шыршасының шамдары жағылып, алаң толықтай мерекелік жарыққа бөленді. Бұл көрініс көрермендерге ерекше әсер қалдырып, іс-шараның негізгі символдық сәтіне айналды.

Іс-шара аясында танымал отандық эстрада жұлдыздары – Серік Гамзе-заде, Серік Ибрагимов, Астана Қарғабай, Бота Әлімхан, Нұрлан Балтақожа мен Салтанат Ділдәқожаева және басқа да өнер иелері өнер көрсетіп, жаңа жылдық көңіл күйді арттыра түсті. Әншілердің жанды дауыста орындаған шығармалары мерекелік атмосфераны күшейтіп, түрлі жас ерекшелігіндегі көрермендерді ортақ қуанышқа біріктірді.

Сахналық бағдарлама театрландырылған қойылымдармен, ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен ұйымдастырылған интерактивті көріністермен, анимациялық элементтермен толықтырылды. Балалар мен ересектер үшін арнайы әзірленген ойындар, флешмобтар және кері санақ сәті көрермендердің белсенді қатысуына мүмкіндік берді.

Астана алаңындағы сахна мен іс-шара өтетін аумақ жаңа жылдық бірыңғай концепцияға сай безендірілді. Безендіру жұмыстары барысында экологиялық бағыттағы элементтер, заманауи жарықдиодты иллюминациялар, сәндік конструкциялар мен эксклюзивті декорациялар қолданылды. Іс-шараның визуалды тұтастығы арнайы әзірленген логотип, брендтік түстер және дизайнерлік шешімдер арқылы қамтамасыз етілді.

Мерекелік шараға дейін және оны өткізу кезеңінде кешенді ақпараттық сүйемелдеу ұйымдастырылды. Іс-шара республикалық, облыстық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихатталып, әлеуметтік желілерде анонстар, бейнероликтер мен фотоматериалдар жарияланды. Бұл өз

кезегінде тұрғындардың қызығушылығын арттырып, іс-шараның қоғамдық маңыздылығын күшейтті.

Нәтижесінде «Жасыл шырша, жарқыра» шырша жағу рәсімі Шымкент қаласының жаңа жылдық мерекелік бағдарламасының басты оқиғаларының біріне айналып, қала тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл күй, бірлік пен жылулық сезімін сыйлады.

Техникалық сипаттамасы және қызмет көрсетуге қойылатын талаптар бойынша орындалған жұмыс туралы шығармашылық есеп

1.1 Іс-шараның сценарийлік жоспары

Іс-шараның сценарийлік жоспары мерекелік бағдарламаның жалпы құрылымын, кезең-кезеңімен өту ретін және негізгі сахналық әрекеттерді қамтиды. Онда кіріспе бөлім, негізгі қойылымдар, интерактивтер және шырша жағу сәті нақты уақытпен белгіленген.

Жаңа жыл мерекесіне орай қалалық бас шыршаны салтанатты ресми жағу іс-шарасының концерттік
БАҒДАРЛАМАСЫ

Өтетін орны:	***Өтетін уақыты:***
Шымкент қаласы	*21 желтоқсан 2025 жыл*
Астана алаңы	*сағат 19.00*

Жүргізушілер: *Нұрым Досбол, Ақмарал Сүлейменова*

18.30 - 19.00	-	Қала тұрғындары мен қонақтардың жиналуы
19.00 - 19.05	-	Лэд экранда жасанды интелект жүргізушілері шығып, құттықтау сөз айтады
19.05 - 19.10	-	**ШЫРША ЖАҒУ РӘСІМІ** *(Жасанды интелект жүргізушілері бас шыршаны ресми жағу бойынша хабарлайды, сахнада ұлт-аспаптар, симфониялық және эстрадалық оркестр орналасады. Оркестрлер орындауындағы «Jingle Bells» әнімен шырша шамы жанады)*
19.10 - 19.15	-	**Аяз ата мен Ақшақарлар шеруі, «Шымкент-цирк» өнерпаздары мен театр әртістерінің ертегі кейіпкерлерінің шығуы** *(Оркестрлер орындауындағы «Jingle Bells» әнімен 100 аяз ата мен 100 ақшақар, ертегі кейіпкерлері сахнаға және шырша маңына келеді)*
19.15 - 19.19	-	**«Әсем ән» әні** Орындайтын: **Серік Ибригимов**
		«Әсем ән» әні орындалып жатқан кезде кеіпкерлер шыршаны айналып, шебер жасап билеп жатыр. Цирк өнерпаздары қойылым қоюда. 100 Аяз ата мен 100 Ақшақар халықтың арасына қарай жүріп кетті.
19.19-19.30	-	**«Вокзалда қауышқан қыз»** әні **«Бізде ше?»** әні **«Қыз бала»** әні Орындайтын: **Серік Ибригимов**

19.30-19.35		**Жүргізушілердің, Аяз ата мен Ақшақардың шығуы** *Құттықтау сөз*
19.35 - 19.40	-	**«Шымкент цирк» қойылымы**
19.40 - 19.44	-	**Заманауи би** Орындайтын: **«Қазына»** би ансамблі
19.44 - 19.54	-	**«Ұнадын»** **«Еркелейсің»** **«Ойлама»** Орындайтын: **Серік Гамза-заде**
19.54-20.08		**«Сенсің»** *әні:А.Дүйсенов, сөзі: А. Дүйсенбі* «**Байла**» әні:Б.Өскенбеков, *сөзі: Е. Қарақойшы* «**I will survive**» *авторы:* **Фредди Перрен** **«Келем десең»** *әні:С.Рыспанбетов, сөзі: А.Қамбаров* Орындайтын: **Бота Әлімхан**
20.08 - 20.22	-	**«Өзіңді қаладым»** *әні:С.Рыспанбетов, сөзі:Р.Зайытов* **«Аппақ қар»** *авторы:Б.Әбілдаев* **«Шымқала жастары»** *әні: І.Кеңесов, сөзі: Қ.Жаманқұлов* **«Бал әнім»** *авторы:Е.Досболатұлы* Орындайтын: **Бағлан Жолдасов**
20.22 - 20.32	-	**«Айналайын»** *әні. Е. Хасанғалиев, сөзі: М. Шаханов* **«Quizas»** *авторы:О.Фаррес* **«Happy new year»** *авторы:Б.Андерссон, Б.Ульвеус* Орындайтын: **Бағлан Жолдасов және Бота Әлімхан**
20.32 - 20.36	-	**«Испан» би** Орындайтын: **«Яссы»** би ансамблі
20.36 - 20.40	-	**«Аяулым»** *әні:Т.Мұхамеджанов* Орындайтын: **Махмуд Урумбаев**
20.40 - 20.48	-	**«Todo al Ganado»** әні **«Бағым сен»** әні *әні:И.Слова, сөзі: Н.Сейтжанов* Орындайтын: **Нұрлан Балтақожа, Салтанат Жұмаділдаева** *(дуэт)*
20.48 – 20.56	-	**«Сый»** **«Неу уо»** Орындайтын: **Алима Джунусалиева**
20.56- 21.00	-	**«Бұл өмірде»** Орындайтын: **Сапар Жақып**
21.00 - 21.04	-	**«Жаңа жыл»** *авторы:Е.Серікбаев* Орындайтын: **Байкен Құрманалиев, Мұрат Жаңабеков, Жандос Әшірбеков**
21.04- 21.12	-	**«Қалай»** *авторы: Ж.Әпен* **«Іңкәрім-ай»** *сөзі: Б.Тәжібаев , әні:Т. Мұхамеджанов* Орындайтын: **Жалғас Әпен**
21.12 - 21.20	-	**«Күйім»** *авторы: Б. Маликов* **«Елестет»** *авторы: Б. Маликов* Орындайтын: **Нұрасыл Сатыбалды**
21.20 - 21.24	-	**«Санта» биі**

		Орындайтын: **«Яссы»** би ансамблі
21.24 -21.28	-	**«Let it Snow!»** *авторы: F.Sinatra* Орындайтын: **Астана Қарғабай**
21.28 - 21.35	-	**Жүргізушілердің шығуы**
21.35	-	Іс-шараның аяқталуы *(заманауи әндер орындалып тұрады)*

1.2 Іс-шара сценарийі, бағдарламасы

Сценарий мен бағдарламада жүргізушілердің мәтіні, музыкалық номерлер, кейіпкерлердің шығу реті және техникалық паузалар көрсетілген. Бағдарлама көрермендердің жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді.

Жаңа жыл мерекесіне орай қалалық бас шыршаны салтанатты ресми жағу іс-шарасының
СЦЕНАРИЙІ

Өтетін орны:
Шымкент қаласы
Астана алаңы

Өтетін уақыты:
21 желтоқсан 2025 жыл
сағат 19.00

Жүргізушілер: *Нұрым Досбол, Ақмарал Сүлейменова*

Қала тұрғындары мен қонақтардың жиналуы		
Нұрым *(сахна сыртында)*		Құрметті қала тұрғындары мен қонақтар! Санаулы минуттардан кейін қаламыздың Жаңа жылдық бас шыршасының шамдарын салтанатты жағу рәсімін бастаймыз!
	-	*Лэд экранда жасанды интелект жүргізушілері шығып, құттықтау сөз айтады*
ИИ Айбек	-	Қайырлы кеш қымбатты достар!
ИИ Балым	-	Қаламыздың Жаңа жылдық бас шыршасының шамдарын салтанатты жағу рәсіміне қош келдіңіздер!
ИИ Айбек	-	Сара бүгін сен екеуміз ерекше кештің куәсі болғалы отырғанымызды білесің бе!
ИИ Балым	-	Ия, бүгін біз елімізде алғаш рет Шымкент қаласында қаламыздың бас шыршасын қазақтың ұлттық аспабы домбырадан бастап, түрлі аспаптар үнімен жағатын боламыз.
ИИ Айбек	-	Сонымен бірге, әсем ән, би, көтеріңкі көңіл-күйдің барлығы осы кеште болады!
ИИ Балым	-	Олай болса қаламыздың бас шыршасын бірге жағайық, құрметті қонақтар!

		5,4,3,2,1 (екеуі бірге) *(Жасанды интелект жүргізушілері бас шыршаны ресми жағу бойынша хабарлайды, сахнада ұлт-аспаптар, симфониялық, және эстрадалық оркестр орналасады. Оркестрлер орындауындағы «Jingle Bells» әнімен шырша шамы жанады)*
	-	***ШЫРША ЖАҒУ РӘСІМІ*** *(Жасанды интелект жүргізушілері бас шыршаны ресми жағу бойынша хабарлайды, сахнада ұлт-аспаптар, симфониялық, эстрадалық оркестр орналасады. Оркестрлер орындауындағы «Jingle Bells» әнімен шырша шамы жанады)*
	-	***Аяз ата мен Ақшақар және «Шымкент-цирк» өнерпаздарының, ертегі кейіпкерлерінің шеруі*** *(Оркестрлер орындауындағы «Jingle Bells» әнімен 100 аяз ата мен 100 ақшақар, ертегі кейіпкерлері сахнаға және шырша маңына келеді)*
		«Әсем ән» әні Орындайтын: **Серік Ибригимов**
		«Әсем ән» әні орындалып жатқан кезде кеіпкерлер шыршаны айналып, шебер жасап билеп жатыр. Цирк өнерпаздары қойылым қоюда. 100 Аяз ата мен 100 Ақшақар халықтың арасына қарай жүріп кетті.
Нұрым		Алдарыңызда эстарада жұлдызы Серік Ибрагимов. Қошеметтеріңіз болсын (сахна сыртында)
		«Вокзалда қауышқан қыз» әні **«Бізде ше?»** әні **«Қыз бала»** әні Орындайтын: **Серік Ибригимов**
Жүргізушілердің, Аяз ата мен Ақшақардың шығуы ***Құттықтау сөз***		
Аяз ата		Саламатсыздар ма құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!
Ақшақар		Армысыздар құрметті менің достарым!
Аяз ата		Көңіл күйлеріңіз қалай! Өздеріңіз куә болғандай дәл қазір қаламыздың бас шыршасын жақтық! Солай емес пе Ақшақар?!
Ақшақар		Ия Аяз ата, енді біз келе жатқан жаңа жылды қарсы алуға дайынбыз!
Аяз ата		Келе жатқан жыл қандай жыл, достар?!!!
Аяз ата		Дұрыс айтасыздар! Келе жатқан жылқы жылы табысты жыл болсын! Еліміз аман болып, бірлігіміз ажырамасын, әрбір отбасыға қуаныш, бақ-береке алып келсін!
Ақшақар		Қаламыз көркейіп, өркендей берсін!
Нұрым	-	Рахмеееет!

		Көңіл күй қалай қымбатты достар?! Ал енді барлығымыз бірге Аяз ата мен Ақшақарды шығарып салайық. Жаңа жылда кездескенше қош-сау болыңыздар!!! Бүгін біз қаламыздың бас шыршасын ұлттық өнермізді дәріптей отырып, домбырадан бастап, түрлі аспаптар үнімен салтанатты түрде жаққанымызды ерекше мақтанышпен атап өтеміз. Әрине бұл ғажап көріністер алда келе жатқан Жаңа жыл мерекесіне арналады.
Ақмарал	-	Ия, құрметті қала тұрғындары! Келе жатқан 2026-ші Жаңа жылды қарсы алу мақсатында қызу дайындық жұмыстары басталды. Қаламыздың әсем көшелері, саябақтары мен ғимараттары да жаңа жылдық безендіруден кейін тұрғындарға ерекше көңіл күй сыйлады.
Нұрым	-	Салтанатты кешіміз әрі қарай концерттік бағдарламаға ұласпақ.
Ақмарал	-	Нұрым, концерттік бағдарламада Шымкент қаласының жергілікті өнерпаздары мен танымал эстрада жұлдыздары, сонымен қатар елімізге белгілі «Яссы», «Қазына» би ансамбльдері өнер көрсетеді деп нақты айту қажет.
Нұрым *(сахна сыртында)*	-	**«Шымкент цирк» қойылымы**
Ақмарал *(сахна сыртында)*	-	**Заманауи би** Орындайтын: **«Қазына»** би ансамблі
Нұрым *(сахна сыртында)*	-	Концерттің тізгінін келесі жұлдызымызға береміз. Өзінің өнерімен жастарды баурап, талантымен талай қыздардың жүрегінен орын алып, өнердегі қанатын кеңге жайып келе жатқан жас танымал жұлдызды шақырғым келеді. Сахнада **Серік Гамза-заде!** Қошеметтеріңіз болсын! **«Ұнадын»** **«Еркелейсің»** **«Ойлама»** Орындайтын: **Серік Гамза-заде**
Ақмарал (сахна сыртында)		**«Сенсің»** *әні:А.Дүйсенов, сөзі: А. Дүйсенбі* «**Байла**» әні:Б.Өскенбеков, *сөзі: Е. Қарақойшы* «**I will survive**» *авторы:* **Фредди Перрен** **«Келем десең»** *әні:С.Рыспанбетов, сөзі: А.Қамбаров* Орындайтын: **Бота Әлімхан**
Ақмарал *(сахна сыртында)*	-	**«Өзіңді қаладым»** *әні:С.Рыспанбетов, сөзі:Р.Зайытов* **«Аппақ қар»** *авторы:Б.Әбілдаев* **«Шымқала жастары»** *әні: І.Кеңесов, сөзі: Қ.Жаманқұлов* **«Бал әнім»** *авторы:Е.Досболатұлы*

		Орындайтын: **Бағлан Жолдасов**
Өздері хабарлайды	-	***«Айналайын»*** *әні. Е. Хасанғалиев, сөзі: М. Шаханов* ***«Quizas»*** *авторы:О.Фаррес* ***«Happy new year»*** *авторы:Б.Андерссон, Б.Ульвеус* *Орындайтын:* ***Бағлан Жолдасов және Бота Әлімхан***
Нұрым *(сахна сыртында)*	-	**«Испан» би** Орындайтын: **«Яссы»** би ансамблі
Ақмарал *(сахна сыртында)*	-	**«Аяулым»** *әні:Т.Мұхамеджанов* Орындайтын: **Махмуд Урумбаев**
Нұрым *(сахна сыртында)*	-	**«Todo al Ganado»** әні **«Бағым сен»** әні *әні:И.Слова, сөзі: Н.Сейтжанов* Орындайтын: **Нұрлан Балтақожа, Салтанат Жұмаділдаева** *(дуэт)*
		«Сый» **«Неу уо»** Орындайтын: **Алима Джунусалиева**
Ақмарал *(сахна сыртында)*		**«Бұл өмірде»** Орындайтын: **Сапар Жақып**
Нұрым *(сахна сыртында)*	-	**«Жаңа жыл»** *авторы:Е.Серікбаев* Орындайтын: **Байкен Құрманалиев, Мұрат Жаңабеков, Жандос Әшірбеков**
Ақмарал *(сахна сыртында)*	-	**«Қалай»** *авторы: Ж.Әпен* **«Іңкәрім-ай»** *сөзі: Б.Тәжібаев , әні:Т. Мұхамеджанов* Орындайтын: **Жалғас Әпен**
Нұрым *(сахна сыртында)*	-	**«Күйім»** *авторы: Б. Маликов* **«Елестет»** *авторы: Б. Маликов* Орындайтын: **Нұрасыл Сатыбалды**
Ақмарал *(сахна сыртында)*		**«Санта» биі** Орындайтын: **«Яссы»** би ансамблі
Нұрым *(сахна сыртында)*		**«Let it Snow!»** *авторы: F.Sinatra* Орындайтын: **Астана Қарғабай**
Жүргізушілердің шығуы		
Нұрым	-	Қымбатты қала тұрғындары мен қонақтары! Осымен қаламыздың бас шыршасын жағу салтанатты шарамыздың концерттік бағдарламасы өз мәресіне жетті. Барлықтарыңызға бізбен бірге бас шыршаны жағу салтанатты кешіне қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз.
Ақмарал	-	Жаңа жыл - қайсарлық пен жүректілік, Баратын болашаққа білек түріп. Әдемі тілектерге қол соғамыз,

		Әлемге жақсылықтар тілеп тұрып, дегендей, осы жиналған баршаңызды 31 желтоқсан күні кешкі сағат 21.00-де дәл осы алаңда 2025-ші Жаңа жылды қарсы алу мерекелік кешінде күтеміз.
Нұрым	-	Біз сіздермен қоштаспаймыз, 31-желтоқсанда қайта қауышқанша аман, сау болайық.
Нұрым, Ақмарал	-	Қымбатты достар, келесі кездескеншеееее! *(екеуі бірге)*
	-	*Іс-шараның аяқталуы* *(заманауи әндер орындалып тұрады)*

1.3 Іс-шараның мақсаты, контингенті, өтетін орны мен уақыты

Іс-шараның мақсаты – Шымкент қаласында жаңа жыл қарсаңындағы басты шыршаны жағу рәсімін ауқымды түрде ұйымдастыру арқылы қала тұрғындарына мерекелік атмосфера қалыптастыру. Қатысушы контингенті – қала тұрғындары, балалар мен ата-аналар, жастар. Іс-шара Шымкент қаласының «Астана» алаңында, 21 желтоқсан күні сағат 19:00 басталды.

SHYMKENT QALASYNYŃ ÁKIMDIGI
2026

1.4 Бейнеролик мазмұны мен сценарийі, сахнаны безендіру эскиздері

Іс-шара өтетіні туралы бейнероликтің мазмұны жаңа жылдық атмосфераны көрсетуге бағытталған. Сахнаны безендіру эскиздері мерекелік концепцияға сай әзірленіп, визуалды біртұтастықты қамтамасыз етті.

1.5 Ақпараттық қолдау жөніндегі растайтын құжаттар

Іс-шараны ақпараттық қолдау мақсатында кемінде 3 республикалық/облыстық және жергілікті БАҚ-пен келісімшарттар жасалды. Ақпараттық агенттіктердің тіркелгенін растайтын лицензиялар мен куәліктер конкурстық құжаттамаға қоса тіркелді.

1.6 Бейнеролик мазмұны, сценарийі және дизайндары

Бейнеролик сценарийі қысқа, мазмұнды және көрерменнің назарын тартуға бағытталған. Дизайн элементтері іс-шара логотипімен және жалпы стильмен үйлестірілді.

1.7 Іс-шара өтетін аумақты безендіру эскиздері

Аумақты безендіру эскиздері жаңа жылдық декорациялармен, жарық элементтерімен және фотозоналармен толықтырылды. Қауіпсіздік талаптары мен көрермендердің ыңғайлылығы ескерілді.



1.8 Құжаттамаларға өзгерістер енгізу тәртібі

Келісім-шарт күшіне енген күннен бастап, Тапсырыс беруші құжаттамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Өнім беруші 15 күнтізбелік күн ішінде барлық түзетулерді енгізіп, қайта келісіп, бекітуді қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жарияланымдар

1.9 Өнім беруші Тапсырыс берушінің келісімімен іс-шараның өтетіні және қорытындысы туралы хабарламалар, жарнамалық-ақпараттық материалдар мен постерлерді кемінде 5 (бес) рет жариялауды қамтамасыз етті. Ақпараттар интернет ресурстарында, сондай-ақ кемінде 100 000 оқырманы бар әлеуметтік желілердегі парақшаларда орналастырылды.







21 желтоқсан күні Астана алаңында, сағат 19:00-де бас шыршаның шамын жағу салтанаты өтеді.

Мерекелік кеш барысында жергілікті және елімізге танымал өнер жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылады. Сахна төрінде Бағлан Жолдасов, Бота Әлімхан, Махмуд Урумбаев, Астана Қарғабай, Серік Гамза-заде, Айкерім Мамырова секілді орындаушылар өнер көрсетеді.
Мегаполис бас шыршасының шамын бірге жағып, мерекелік сәтті бірге қарсы алуға шақырамыз!

81 69

Нравится **zufiddinuly_** и **другим**
shymkent_city 💗

107 59

Нравится **abzhapparbegzat** и **другим**
gid_master_shymkent 🎄 Шымкенттің басты шыршасы жағылды.
|
🎄 Зажглась главная елка Шымкента.
|
🎄 The main Christmas tree of Shymkent has been lit.



25 12

Нравится **akosinamosigoi** и **другим**

ulugbekup Lighting the New Year tree 😍🎄



5

Нравится **aryskhanovaaselya** и **другим**

shymkentnews_17 ШЫМКЕНТ: БАСТЫ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРШАНЫҢ ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ

Шымкент қаласының басты жаңа жылдық шыршасының шамдарын жағу рәсімі салтанатты түрде өтті. Алғаш рет осындай форматта ұйымдастырылған және Астана алаңында мыңдаған қала тұрғыны мен қонақтарын жиналған мерекелік іс-шараға Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысты.

Бұл символдық шара жыл сайын мегаполис тұрғындары мен қонақтарының басын қосып, қуанышқа, жылулыққа және Жаңа жыл қарсаңындағы ерекше көңіл-күйге бөлейді. Айта кетейік, жаңа

УАҚЫТ TV
ШЫМКЕНТ: БАС ШЫРША ШАМЫ
21 ЖЕЛТОҚСАНДА ЖАҒЫЛАДЫ
UAQYT TV · 6 д. назад
ШЫМКЕНТ: БАС ШЫРША ШАМЫ 21 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ ЖАҒЫЛАДЫ ... ещё
Перевод


life_shymkent17
1 д. назад
1/6
1 664
35
11
213
Нравится bergaliyev_amantai и другим
life_shymkent17 ШЫМКЕНТ: БАСТЫ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ШЫРШАНЫҢ ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ... ещё

shymkentnews_17 и Ещё 2
shymkentnews_17 · Оригинальное аудио
🎄ШЫМКЕНТТЕ БАС ШЫРШАНЫҢ ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ😍
@shymkentnews_17


PIONEER CITY
ЗАЖГЛАСЬ ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕЛКА ГОРОДА ШЫМКЕНТ
17© OPEN SHYMKENT
11
1
open.shymkent
Подписаться
Видео: @gid_master_shymkent
3 дн. назад
Подписаны: tvoi_vko.kz
Шымкент



Шымкентте жаңа жылдық бас шыршаның шамы жағылды

22.12.2025 17:53

Шымкентте жаңа жылдық бас шыршаның шамдары жағылды. Астана алаңына орнатылған шыршаның биіктігі 18 метр. Оны безендіру үшін ұзындығы 4 шақырымға жететін жарықшам-гирлянда ілінді. Иллюминация мен үйлестірілген тақырыптық безендірулер, ойын-сауық бағдарламалары алаңға келгендерге ертегі атмосферасын сыйлады.

Негізгі салтанат басталмас бұрын халықаралық және республикалық жарыстардың жеңімпаздары мұз айдынында мәнерлеп сырғанаудан өнер көрсетті. Кейін 100-ге жуық Аяз ата мен Ақшақардың биімен меркелік кештің шымылдығы ашылып, қаланың басты шыршасының шамы жағылды.

Нұрлан Есіркепов, қала тұрғыны:

> *Жақсы ұйымдастырылған. Керемет, әдемі барлығы. Көшелердегі безендіру. Алаңдағы безендірудің барлығы, өте ойдағыдай және тамаша әсер қалдырып отыр.*

Астана алаңы шынайы мерекелік кеңістікке айналды. Аумақтағы 80-нен астам шырша түрлі түсті шамдармен жарқырады. Балалар аттракциондар мен ойын-сауыққа қызығып, шат көңілмен уақыт өткізді. Бастысы бүлдіршіндердің көңілінен шықты.

> *Шырша жанғаны ұнады.*
> *Әдемі болып шыршалар осылай жанып тұра берсін.*
> *Аяз атаға рахмет, бізге сыйлықтар беріп тұрсын, аумин.*
> *Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!*

Әрі қарай мерекелік кеш отандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарламаға ұласты. Сахна төрінде елге танымал жұлдыздар өнер көрсетіп, әуезді әндерімен кештің көркін қыздырды.

Серік Ибрагимов, әнші:

> *Шымкент халқының ықыласы өте бөлек, ерекше. Жалпы көңіл-күйлері үнемі 200 пайыз жүреді деп ойлаймын. Сондықтан шама келгенше көңілдерінен шығуға тырыстық.*

Миллионды шаһарда бұл күні тек бір ғана шыршаның шамы жарқырамады. Бас шыршадан бөлек бес ауданның орталығында да жаңа жыл символы көпшілікке мерекелік көңіл күй сыйлайды. Жарқыраған шырша , әсем ән - алаңға келгендерге жылу сыйлап, жаңа жыл мерекесінің жақындағанын сездірді.

1.10 Бейнеконтент және 3D графика

Іс-шараны насихаттау мақсатында қазақ және орыс тілдерінде 2 дана 3D графикалық контент әзірленді. Іс-шара атауы көрсетілген айналмалы 3D графика негізінде моделирование, рендеринг және композитинг қолданылып, ұзақтығы 10 минуттық жоғары сапалы бейнеконтент кәсіби бейнекамералар арқылы түсірілді және әлеуметтік желілер мен ақпараттық ресурстарда жарияланды.

1.11 Ақпараттық бейнеролик

Іс-шара тақырыбына сай қазақ тілінде ақпараттық бейнеролик дайындалды. Хронометражы 10 минуттан кем емес бейнеконтент жоғары сапалы форматта түсіріліп, Тапсырушыға тапсырылды.

1.13 Баннерлер

Іс-шараны ақпараттық насихаттау мақсатында баннерлерді басып шығару жұмыстары жүргізілді. Барлық материалдар бекітілген дизайн-концепцияға сәйкес орындалды.



1.14 Баннерлердің техникалық талаптары

Баннерлер 540 гр кем емес материалда, 1440 DPI рұқсатымен жоғары сапалы сольвентті басып шығару әдісімен дайындалды. Эскиздер мен өлшемдер алдын ала жеткізушімен келісіліп, баннердің шеттеріне 20 см кем емес люверстер бекітілді, жалпы көлемі 400 м² кем емес аумақты қамтыды.

2. Мерекелік іс-шараларды өткізу бойынша қызмет көрсету кестесі

1.15 Қызмет көрсету кестесін дайындау

Өнім беруші іс-шараны өткізуге қатысты барлық дайындық және іске асыру кезеңдерін қамтитын қызмет көрсету кестесін әзірледі. Кестеде жауапты тұлғалар, байланыс деректері (телефон, электрондық пошта), қызмет түрлері мен мерзімдері көрсетіліп, Тапсырыс берушімен келісілді.

1.16 Тұжырымдама, бағдарлама, сценарий

Қызмет көрсету кестесіне сәйкес іс-шараның тұжырымдамасы, бағдарламасы және сценарийі қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Қонақтар тізімі Тапсырыс берушімен алдын ала келісілді.

21 ЖЕЛТОҚСАН
ШЫРША ЖАҒУ САЛТАНАТТЫ РӘСІМІ

«Астана» алаңы,сағат 19.00

ШЫРША ЖАҒУ РӘСІМІНІҢ САХНАЛЫҚ ЭСКИЗІ

Сахна тақырыпқа сай безендіріледі. Биылғы жылы Шырша жағу рәсіміне арналған іс-шарада дәстүрлі жүргізушілер мен қатар қоғамдық мерекелік шараны заманауи технологиялармен ұштастыру және қала имиджін инновациялық, цифрлық бағытта дамыту мақсатында жасанды интеллект жүргізушілерін қолдану жоспарлануда.

КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА

3

19.00 - 19.20	-	Қала тұрғындары мен қонақтардың жинақтауы
19.20 - 19.25	-	Піад экранда жасанды интеллект жүргізушілері шығып, күттықтау сөз айтады
19.25 - 19.35	-	**ШЫРША ЖАҒУ РӘСІМІ** *(Жасанды интеллект жүргізушілері бас шыршаны ресми жағу бойынша хабарлайды, сахнада ұлттық-астаналар, симфониялық және жетпіздық оркестр орналасады. Оркестрлер орындауындағы «Jingle Bells» әуенімен әлемнің жарығын бастап жоғарыға қарай шырша шаңы жанады)*
19.35 - 19.45	-	**Аяз ата мен ақшақар және «Шымкент-цирк» өнерпаздарының, ертегі кейіпкерлерінің шеруі** *(Оркестрлер орындауындағы «Jingle Bells» әуенімен 100 аяз ата мен 100 ақшақар, ертегі кейіпкерлері сахнаға және шырша маңына келеді)*
19.45 - 19.48	-	**Жүргізушілердің шығуы**
19.48 - 19.50	-	**Аяз ата мен Ақшақардың келуі** *Құттықтау сөз*
19.50 - 19.55	-	**«Шымкент цирк» қойылымы**
19.55 - 19.59	-	**Заманауи би** Орындайтын: **«Қазына»** би ансамблі
19.59 - 20.13	-	**«Сенсің»** *ан:А.Дүйсенов, сөз: А. Дүйсенбі* **«Байла»** *ан:Б.Өскенбеков, сөз: Е. Қарамайлы* **«I will survive»** *авторы: Фредди Перрен* **«Келем десең»** *ан:С.Рыстанбеков, сөз: А.Қанбаров* Орындайтын: **Бота Өлімхан**
20.13 - 20.27	-	**«Өзіңді қаладым»** *ан:С.Рыстанбеков, сөз:Р.Зайытов* **«Аппақ қар»** *авторы:Б.Өбердиев* **«Шымқала жастары»** *ан: І.Кенесов, сөз: Қ.Жомартов* **«Бал әнім»** *авторы:Е.Досболатұлы* Орындайтын: **Бағлан Жолдасов**
20.27 - 20.35	-	**«Айналайын»** *ан: Е. Хасанталиев, сөз: М. Шаханов* **«Quizas»** *авторы:О.Фаррес* **«Happy new year»** *авторы:Б.Андерссон, Б.Ульвеус* Орындайтын: **Бағлан Жолдасов және Бота Өлімхан**
20.35 - 20.39	-	**«Испан» би** Орындайтын: **«Яссы»** би ансамблі
20.39 - 20.43	-	**«Аяулым»** *ан:Т.Мухамедханов*

2

	-	Орындайтын: **Махмуд Урумбаев**
20.43 - 20.50	-	**«Todo al Ganado»** *ан:* **«Бағым сен»** *ән: ан:И.Орова, сөз: Н.Сейтжанов* Орындайтын: **Нұрлан Балтақожа, Салтанат Жұмаділдаева** *(дуэт)*
20.50 - 20.54	-	**«Let it Snow!»** *авторы: F.Sinatra* Орындайтын: **Астана Қарғабай**
20.54 - 21.01	-	**«Қалай»** *авторы:Ж.Өтен* **«Інжарім-ай»** Орындайтын: **Алима Джунусалиева**
21.01 - 21.05	-	**«Бұл өмірде»** Орындайтын: **Сапар Жақып**
21.05 - 21.09	-	**«Жаңа жыл»** *авторы:Е.Серікбаев* Орындайтын: **Байкен Құрманалиев, Мұрат Жаңабеков, Жандос Өшірбеков**
21.09 - 21.16	-	**«Қалай»** *авторы: Ж.Өтен* **«Інжарім-ай»** *сөз: Б.Тажібаев , ан:Т.Мухамедханов* Орындайтын: **Жалғас Өтен**
21.16 - 21.23	-	**«Күйім»** *авторы: Б. Мағлиров* **«Елестет»** *авторы: Б. Мағлиров* Орындайтын: **Нұрасыл Сатыбалды**
21.23 - 21.25	-	**Жүргізушілердің шығуы**
21.25 - 21.35	-	**«Сағынғанда»** **«Уәде»** **«Жауап»** Орындайтын: **Айгерім Мамырова**
21.35 - 21.45	-	**«Ұнадың»** **«Еркелейсің»** **«Ойлама»** Орындайтын: **Серік Гамза-заде**
21.45 - 21.48	-	**Жүргізушілердің шығуы**
21.50	-	Іс-шараның аяқталуы *Диджей (заманауи әндер орындалып тұрады)*

КЕШ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ

4

НҰРЫМ ДОСБОЛ

АҚМАРАЛ СҮЛЕЙМЕНОВА

1.17 Ақпараттық мәтіндер жобасы

Өнім беруші іс-шараға арналған ақпараттық мәтіндер жобасын белгіленген талаптарға сәйкес дайындап, Тапсырыс берушімен келісуді қамтамасыз етті. Барлық мәтіндер іс-шара басталуына дейін кемінде 15 күн бұрын ұсынылды.

– Баспасөз-релизі

Баспасөз-релиз іс-шараның мақсаты, маңызы, өткізу орны мен күтілетін нәтижелерін қамти отырып, қазақ және орыс тілдерінде публицистикалық стильде әзірленді.

Бүгін Астана алаңында Жаңа жыл мерекесіне орай қалалық бас шырша шамдарын салтанатты жағу рәсімі өтті. Іс-шара қала тұрғындары мен қонақтары үшін ұйымдастырылған кең ауқымды концерттік бағдарламамен жалғасты. Жексенбілік кеште алаңға жиналған көпшілік мерекелік көңіл күйді сезініп, арнайы дайындалған сахналық безендіру мен жарық шоуының куәсі болды. Концерттік бағдарлама заманауи форматтағы жасанды интеллект жүргізушілерінің құттықтау сөзімен басталды. Шыршаны салтанатты жағу рәсімі ұлттық аспаптар, симфониялық және эстрадалық оркестрінің сүйемелдеуімен өтті. Оркестр орындаған «Jingle Bells» әуенімен бірге алаңдағы бас шыршаның шамдары жанып, жаңа жылдық мерекенің ресми түрде басталғанын білдірді.

Мерекелік кеш барысында Аяз ата мен Ақшақарлардың шеруі ұйымдастырылып, цирк өнерпаздары мен театр әртістері ертегі кейіпкерлерінің образында көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Ұлттық және заманауи билер, цирк қойылымдары мен эстрадалық әндер кештің көркін аша түсті. Концерттік бағдарлама барысында отандық және әлемдік музыкалық туындылар шырқалып, көрерменге мерекелік атмосфера мен жаңа жылдық шаттық сезімін сыйлады. Астана алаңында өткен бұл салтанатты кеш Шымкент қаласының тұрғындары үшін жарқын сәттер мен ерекше әсерге толы болды.

– Кіріспе және құттықтау сөздер

Салтанатты ашылуға арналған кіріспе және құттықтау сөздер грамматикалық және стилистикалық талаптарға сай дайындалып, Тапсырыс берушімен келісілді.

Жүргізушілердің кіріспе сөздері		
Нұрым *(сахна сыртында)*		Құрметті қала тұрғындары мен қонақтар! Санаулы минуттардан кейін қаламыздың Жаңа жылдық бас шыршасының шамдарын салтанатты жағу рәсімін бастаймыз!
	-	*Лэд экранда жасанды интелект жүргізушілері шығып, құттықтау сөз айтады*
ИИ Айбек	-	Қайырлы кеш қымбатты достар!
ИИ Балым	-	Қаламыздың Жаңа жылдық бас шыршасының шамдарын салтанатты жағу рәсіміне қош келдіңіздер!

Аяз ата мен Ақшақардың құттықтау сөздері		
Аяз ата		Саламатсыздар ма құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!
Ақшақар		Армысыздар құрметті менің достарым!
Аяз ата		Көңіл күйлеріңіз қалай! Өздеріңіз куә болғандай дәл қазір қаламыздың бас шыршасын жақтық! Солай емес пе Ақшақар?!
Ақшақар		Ия Аяз ата, енді біз келе жатқан жаңа жылды қарсы алуға дайынбыз!
Аяз ата		Келе жатқан жыл қандай жыл, достар?!!!
Аяз ата		Дұрыс айтасыздар! Келе жатқан жылқы жылы табысты жыл болсын! Еліміз аман болып, бірлігіміз

		ажырамасын, әрбір отбасыға қуаныш, бақ-береке алып келсін!
Ақшақар		Қаламыз көркейіп, өркендей берсін!

– Ақпараттық-насихаттық медиа-жоспар

Іс-шараның медиа-жоспары әзірленіп, онда іс-шара ауқымы, тақырыптық жоспар және БАҚ-та жарияланымдардың мерзімдері көрсетілді.

– Көрнекі және имидждік жұмыстар

Іс-шараның көрнекі және имидждік жұмыстарын жүргізу толық қамтамасыз етілді. Іс-шара жүргізушілері қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлейтін танымал жүргізушілер Нұрым Досбол, Ақмарал Сүлейменова болды, олардың еңбекақысы, жол шығыны, тұруы мен тамақтануы қарастырылды.

– Негізгі іс-шараны ұйымдастыру

Өнім беруші іс-шара тақырыбына сәйкес барлық дайындық жұмыстарын жүргізіп, негізгі мерекелік іс-шараның жоғары деңгейде өтуін қамтамасыз етті. Дайындық және өткізу мерзімі 3 күнді қамтыды.

– Концерттік бағдарлама

Отандық эстрада жұлдыздарының кемінде 4 әншінің қатысуымен ұзақтығы 90 минуттан кем емес концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Бағдарламаға аспаптық, би ұжымдары және дәстүрлі, эстрадалық орындаушылар тартылды.



RCF



Roland

– Қонақтардың қатысуын қамтамасыз ету

Өнер көрсетуге келген қонақтардың жол шығындары, тамақтануымен қамтамасыз етілді. Қатысушылардың келуі мен кетуі ұйымдастырылып, барлық логистикалық мәселелер шешілді.

1.20 Сахна эскиздері және авторлық басшылық

Өнім беруші сахна эскиздерін әзірлеп, авторлық басшылықты жүзеге асырды. Сахналық дизайн элементтері графикалық және бейнелеу форматында ұсынылып, бекітілді.

1.21 Аумақты безендіру

Іс-шара өтетін аумақ жоғары деңгейде безендіріліп, безендіру эскиздері Тапсырыс берушімен келісілді. Декорацияларда тақырыпқа сай эксклюзивті элементтер, дұрыс пропорциялар мен эстетикалық контурлар сақталды.

2026

RIVEX Group

2020

1.23 Жарықпен қамтамасыз ету

Іс-шара өтетін сахна заманауи жарық беру құралдарымен толық жабдықталды. Роботты жарықтандыру құрылғылары, жарық диодты жүйелер, консольдер мен күшейткіштер пайдаланылды.

1.24 Техникалық жабдықтар

Музыкалық аппаратура, жарық құралдары, сахна конструкциялары, фото-видео жабдықтар және LED-экрандар іс-шара талабына сай өлшемде орнатылды. Монтаж, репетиция, тасымалдау және техникалық сүйемелдеу үздіксіз қамтамасыз етілді.

1.25 Қосымша техникалық қамтамасыз ету

Іс-шара мен концерттік бағдарламаның ерекшеліктерін ескере отырып, барлық қажетті техникалық жабдықтар толық көлемде ұсынылды. Жабдықтардың тұрақты жұмыс істеуі техникалық мамандар тарапынан бақылауда болды.



Іс-шараны техникалық қамтамасыз ету

2.1 Іс-шараны техникалық қамтамасыз ету бекітілген тұжырымдама, сценарий және іс-шара өтетін орынның жобалық шешімдері негізінде жүзеге асырылды. Қолданылған жабдықтардың саны мен сапасы жобада көзделген барлық технологиялық міндеттердің толық орындалуын қамтамасыз етті. Техникалық қамтамасыз ету жарықтандыру, дыбыстық қолдау, LED-экрандар және сахналық көріністер кешенін қамтыды.

Сахнаны қамтамасыз ету

Сахналық құрылымдарды жеткізу, монтаждау және демонтаждау Тапсырыс беруші бекіткен кестеге сәйкес толық көлемде орындалды. Жарық, дыбыс, бейне және безендіру жабдықтарын ілу үшін жүк көтеру мүмкіндігі кемінде 22 метр шынжырлы жүкшығырлармен қамтамасыз етілді.

SHYMKENT QALASYNYŃ ÁKIMDIGI

Дыбыспен қамтамасыз ету

Аудиожабдықтар жеткізілді, орнатылды, техникалық қызмет көрсетілді және бөлшектелді. Орташа дыбыс қысымы кемінде 105 дБ деңгейінде қамтамасыз етіліп, микрофондар, коммутациялық жиынтықтар және кезекші мамандар іс-шара және дайындық кезеңінде тұрақты түрде жұмыс атқарды. Дыбыстық жабдық ашық алаңдардың акустикалық талаптарына толық сәйкес келді және Тапсырыс берушімен келісілді.

Жарықпен қамтамасыз ету

Сахнаны алдыңғы, артқы және бүйірлік жарықтандыру, арнайы эффектілер және қашықтан басқару жүйесімен қамтамасыз ету жүзеге асырылды. Жарық диодты айналмалы бастиектер, прожекторлар, strob және жуу функциялары бар құрылғылар, түтін генераторлары мен желдеткіштер пайдаланылды. Жарықтандыру жабдықтарының саны мен түрі сахна көлеміне және көркемдік дизайнға сәйкес Тапсырыс берушімен келісілді.

LED-экранмен қамтамасыз ету

Іс-шара барысында кем дегенде 45 м2 LED экранды орнатуға қажетті ферма-лайерлермен және кем дегенде 12 софиттік прожекторлармен қамтамасыз етіліп, оның пиксель қадамы, жарықтығы және жаңарту жиілігі техникалық талаптарға сай болды. LED-жабдық жеткізу, монтаждау, техникалық қызмет көрсету және бөлшектеу жұмыстарымен толық қамтылды. Экрандардың маркасы, үлгісі мен саны Тапсырыс берушімен келісілді.

Бейнежабдықпен қамтамасыз ету

Бейнежабдықтар коммутациялық жинақпен, мониторлармен, медиа-сервермен және басқару жүйелерімен толық қамтамасыз етілді. Экрандардың сапасы күндізгі және кешкі уақытта ашық кеңістікте бейне кескінді айқын көрсетуге мүмкіндік берді. Бейнеэкрандардың параметрлері көрермендер қашықтығына сәйкес таңдалды.

Ұйымдастыру және қауіпсіздік

Дайындық және іс-шара кезеңінде барлық техникалық топтардың жұмысы үйлестіріліп, басқарылды. Өрт қауіпсіздігі талаптары сақталып, сахна мен шатырларда қажетті мөлшерде өрт сөндіру құралдары орналастырылды.

Демонтаж және шығару

Іс-шара аяқталғаннан кейін жабдықтарды бөлшектеу жұмыстары жүргізіліп, 24 сағат ішінде толық шығарылды. Барлық алаң бастапқы күйіне келтірілді.

Дронмен түсіру

Іс-шара басынан соңына дейін дрон арқылы түсіріліп, кемінде 4 дайын бейнеролик Тапсырыс берушіге ұсынылды. Бейнематериалдар жоғары сапалы форматта дайындалды.

SHYMKENT QALASYNYŃ ÁKIMDIGI
2026

Өнерпаздарға арналған шатырлар

Өнерпаздардың дайындалуы үшін ұзындығы кемінде 5 метр, жабық және жылытылатын 2 шатыр орнатылды. Шатырлар толық іс-шара күні пайдаланылды.

Кофе-брейк ұйымдастыру

Іс-шара өтетін орында қатысушыларға арналған күніне бір рет кемінде 150 адамға кофе-брейк ұйымдастырылды. Тамақтану санитарлық және қызмет көрсету талаптарына сай қамтамасыз етілді.

SAMAL
Coke

Баспахана шығындары

Бейджде (ұйымдастырушылар мен қатысушыларға арналған)
Ұйымдастырушылар мен қатысушыларға арналған А6 форматтан кем емес бейджде дайындалды. Бейджде колотек қағазында (280–300 гр кем емес), 4+4 түсті басып шығару арқылы, дербестендіріліп, екі жағынан ламинацияланып, карабинге арналған тесігімен қамтамасыз етілді. Бейдж бауларының түсі Тапсырыс берушімен келісіліп, кемінде 5 дана дайындалды.

А4 форматты папкалар
Логотипі бар А4 форматты папкалар, припресс күңгірт немесе жылтыр өңдеуде дайындалды. Дизайны мен техникалық параметрлері Тапсырыс берушімен келісіліп, кемінде 20 дана ұсынылды.

Пресс-стена

Металл каркасты пресс-стена 3×4 метрден кем емес өлшемде дайындалып, орнатылды. Қызмет көрсету толық көлемде қамтамасыз етілді.

2. Іс-шара барысында қолданылған материалдар мен жабдықтар

Іс-шараны өткізу барысында сахналық конструкцияларды орнату, декорацияларды дайындау, техникалық монтаж, жарық, дыбыс және бейне жүйелерін үздіксіз жұмыс жағдайында қамтамасыз ету мақсатында қажетті материалдар мен жабдықтар толық көлемде пайдаланылды. Қолданылған барлық материалдар мен жабдықтар техникалық талаптарға, қауіпсіздік нормаларына және іс-шараның бекітілген тұжырымдамасына сәйкес болды.

Материалдар мен жабдықтар уақытылы жеткізіліп, монтаждау, пайдалану және демонтаждау жұмыстары белгіленген кестеге сай жүргізілді. Іс-шара барысында жарық, дыбыс және LED-экран жүйелерінің тұрақты жұмысы қамтамасыз етіліп, көрермендер мен қатысушылар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырылды.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«Жасыл шырша, жарқыра» шырша жағу рәсімін ұйымдастыру

Өтетін күні: 21 желтоқсан 2025 жыл
Басталу уақыты: 19:00
Өтетін орны: «Астана» алаңы, Шымкент қаласы
Ұйымдастырушы: Шымкент қаласы әкімдігі

ШЫМКЕНТТЕ БАС ШЫРШАНЫҢ ШАМЫ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ЖАҒЫЛДЫ

21 желтоқсан күні Шымкент қаласындағы Астана алаңында мегаполистің бас шыршасының шамын жағу салтанаты өтті. Мерекелік шараға қала тұрғындары мен қонақтары көптеп жиналып, жаңа жыл қарсаңындағы ерекше атмосфераны бірге сезінді.

Салтанатты кеш барысында арнайы дайындалған концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Сахна төрінде елімізге танымал және жергілікті өнер жұлдыздары өнер көрсетіп, жиналған қауымға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Атап айтқанда, Бағлан Жолдасов, Бота Әлімхан, Махмуд Урумбаев, Астана Қарғабай, Серік Гамза-заде және Айкерім Мамырова өз репертуарларындағы әндерін орындады.

Шара барысында бас шыршаның шамы салтанатты түрде жағылып, алаң ерекше безендірілген жарықтармен көмкерілді. Мерекелік кеш қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй мен жаңа жылдық әсер сыйлап, қыстың сиқырлы кешін есте қаларлық сәтке айналдырды.